

УДК 327

Д. С. Раев,
*Философия ғылымдарының докторы,
профессор. Халықаралық қатынастар
факультетінің деканы;*
Л. Ж. Абжапарова,
*Халықаралық қатынастар магистрі,
PhD докторант 2 курс.*

ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ӨНЕР РЕТІНДЕГІ КОГНИЦИЯЛЫҚ БОЛМЫСЫ

Аннотация

В данной статье рассматривается дипломатия как искусство. Статья посвящена рассмотрению роли дипломатического интеллекта в процессе ведения международных переговоров. Навыки ведения переговоров в казахском государстве и обществе является малоизученным вопросом в отечественной науке.

Ключевые слова: дипломатия, дипломатическое искусство, международные переговоры, интеллект, посольство, дипломатическая ответственность.

Аңдатпа

Мақалада халықаралық келіссөз жүргізудегі дипломатиялық интеллект қаралады.

Дипломатияның өнерлік болмысын сыртқы саясат аясында келіссөз жүргізуде қолданылатынын көрсетеді.

Тірек сөздер: дипломатия, дипломатиялық өнер, халықаралық келіссөздер, интеллект, елшілік, дипломатиялық жауапкершілік.

Abstract

In this article diplomacy is considered as art. The article is devoted to consideration of a role of diplomatic intelligence in the course of conducting the international negotiations. Skills of negotiating in the Kazakh state and society is the low-studied question in domestic science.

Key words: diplomacy, diplomatic art, international negotiations, intelligence, embassy, diplomatic responsibility.

«Елдестіркек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» деген шешендік тілмен айтылған саяси ұстанымның ендігі бір қыры дипломатияның келіссөз жүргізу өнері болатындығын айғақтайды. Өйткені дипломатиялық әрекеттің бүкіл болмыс бітімі, жүргізілу тәсілдері мен технологиясы өзінше бір аса жоғары шығармашылықты талап ететін рухани өндірісті білдіреді. Оның өнер болатындығы көне дәуірлерде-ақ мойындалғаны халықаралық қатынас тарихынан белгілі. Мәселен, ежелгі Үнді жазбаларына зер салсақ, атақты – «Ману заңында» дипломатияның өнер ретінде мойындалғандығы айтылады. Американдық және француз дипломаттары Джон Вуд пен Жан Серренің еңбегінде де дипломатия «халықаралық таластарды бейбіт жолмен шешу өнері» [1, 306б.]; ретінде қарастырылады (Дж. Вуд, Ж.Серре, 1974). Тағы да француз дипломаттары – Франсу де Кальер мен Ж. Камбон дипломатияны келіссөз жүргізу өнері деген көзқарасты ұстанса, ал Н.Никольсон дипломатияны халықаралық қатынасты жүргізу ісі дей келіп, ал оны жүргізу әдісі дипломаттың өнерпаздық қабілетіне байланысты деген пікірге келеді. Ресей дипломаты, В.И.Поповтың пікірінше, дипломатия – халықаралық қатынас ғылымы және келіссөз жүргізу өнері болып табылады. Кейбір батыс дипломаттары дипломатияның ғылымнан көрі өнерге жақын деп есептейді. Сондықтан халықаралық дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешу және басқа да мемлекет, үкімет аралық еліссөздерді жүргізу қандайда бір саяси өнерді талап ететіні күмән туғызбайды.

Дипломатияның өнер өрісі ең алдымен, дипломатиялық кәсіп, кез келген кәсіп иегеріне қойылатын талап сияқты ол кәсіптің иегері кім деген сұрақтан басталады. Бұл мәселе жоғарыда айтылған, дипломатияның мемлекеттің сыртқы саясатының көріну формасы болуымен, ал саясаттың түптеп келгенде субъективтік сипат алатын феномен болуымен байланысты. Демек саясаттың субъективтік сипаты, ең алдымен, саясатты жүргізушінің жеке тұлғалық қасиеттеріне тәуелді болуында. Сол сияқты дипломатиялық іс те саясаттың бір тармағы болғандықтан елшінің жеке тұлғалық құрылымына тікелей тәуелді болатын құбылыс. Себебі дипломатиялық саясаттың да объектісі де субъектісі қоғам, сайып келгенде адамға келіп тіреледі. Сол себепті дипломатиялық істі жүргізудің сапалық деңгейі, өтімділігі

мен тиімділігі, сауаттылығы әрі қуаттылығы мен өнімді нәтиже беруі елшінің жеке басының қабілет-қарымына, ішкі мәдениетіне, білімдарлығына, іскерлігіне, тапқырлығына, қыйыннан қыйыстырып жол таба білу ерік-жігеріне байланысты. Демек елдің сыртқы саясатының нәтижелі іске асырылуы елшінің табиғи-әлеуметтік, рухани-мәдени мүмкіндіктерді пайдалана білуіне, халықаралық қатынастың, дипломатиялық келіссөз жүргізудің теориялық негіздері мен принциптерін, моральдық-нормативтік ережелерін қолдана алуына, саяси шешімдерді қабылдауда шығармашылық батылдық көрсете білуіне және оны мемлекеттің келешегімен байланыстыра алатын саяси көрегендігіне тәуелді. О.П.Селяниновтың пікірінше, дипломатиялық іс-әрекетті онымен айналысатын адамдардың жеке тұлғалық қасиеттеріне байланысты болатындығы жөнінде тұжырымдар көптеп кездеседі [2, 294б.]; (О.П.Селянинов, 2004). Сондай-ақ, ағылшын дипломаты Э.Сатоудың айтуынша, дипломатия тәуелсіз мемлекеттердің үкіметаралық қатынастарды ресми жүргізу барысында ақыл мен келісімдік тактиканы қолдану өнері дегенге саяды [3, 465б.]; (Э.Сатоу, 1947). Осыдан бүгінгі әлемдік тәжірибеге, дипломатиялық қызмет теориясына жүгінетін болсақ, дипломат-елшіге қажетті де, маңызды қасиеттер тізбегін келтіруге болады. Мысалы, ғылыми әдебиеттер мен елшілік ісі тарихы туралы жазылған жазбаларда және елшілердің дипломатиялық қызметі жөніндегі жазған мемуарларында елшінің жеке тұлғалық болмысына қатысты: халық пен ар-намыс алдындағы жауапкершілік, кәсіби біліктілік, терең эрудиция, мінезіндегі салмақтылық пен ұстамдылық, табандылық пен тұрақтылық, байыптылық пен байқампаздық, аналитикалық ойлау мен сараптамалық қабілет, сергек ақыл мен көрегендік, болжампаздық, саяси даналық, шебер сөз бен шешен тілділік, қарсыласын дәйекті де дәлелді мойындата білу, адалдық пен ашықтық, әділдік, жоғары моральдық этикет пен өркениеттік мінез және т.б. сияқты сапалық қасиеттер айтылады.

Соның бірі – дипломатия туралы оның таным-түсінігі дегенге саяды. Бұл орайда мысал ретінде корреспондент пен елші арасындағы сұхпатта елшінің міндеті неден тұрады деген сұраққа, елшінің: «О, олар өте қиын емес. Ол әлдебір пошташы мен даяшы міндеттерінің ортасындағыға ұқсайды» деген әзілді жауабын келтіруге болады. Осыған орай екінші пікірді француз дипломаты Жюль Камбонның: «пошта жәшігінен ары аса алмаған елші өз өкіметі үшін қауіпті» [4, 81б.]; деп айтқанын келтіруге болады. Сонымен бірге, ол дипломат негізінен өз мемлекетінің нұсқауларына сүйенетіндігін және елшінің өз пайымдауы мен іс-қимылындағы салыстырмалы дербестік елші этикетінен ауытқып тәртіп бұзушылыққа дейін бармаушылықты ескертеді. Міне осының өзі дипломатиялық кәсіптің өзі тұрпайылық пен өзімшілдікті көтермейтін, керісінше өте сергектік талап ететін саяси нәзік өнерді талап ететін халықаралық қатынас феномені деуге болады. Елшінің қызметтік қарым-қабілетін қатысты нәрсенің бірі – оның ақпараттық мағлұматтармен қарулануы. Ең алдымен, барған елдің ішкі экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, ғылыми, әскери және т.б. даму әлеуеті тұрғысында мағлұматтардан хабардар болу. Мәлімет – елші үшін ойлаудың, аналитикалық талдаудың қайнар бұлағы болып табылады. Ой елегінен өткізілген, жан-жақты ақыл сарабынан өткізіліп, өлшеп-пішілген, түйінделген мәлімет дипломаттың инципиалық шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады. Осы орайда француз дипломаты Ришельенің пікірінше, ең нәтижесіз келіссөздің өзі мағлұмат көзі ретінде өте маңызды болып есептеледі. Осы ойды тағы бір белгілі француз дипломаты Франсуа де Кальер елшінің келіссөз жүргізу мінезіндегі өркениеттік норманың бірі – еркін пікірлесу мен мәлімет алмасу мәдениетін сақтау дейтін тұжырыммен жалғастырады. Оның пікірінше, өркениетті мінез аясында шеберлікпен мәлімет алмасу қарсыласыңды тереңірек түсінуге, оны тануға жол ашады және келіссөздің нәтижелі болуына ықпал жасайды. Сонымен бірге, ол мәлімет алмасып, мағлұмат алу барысындағы мінез стиліне баса назар аударады және оның маңыздылығын көрсетеді.

Дипломатияны өнер ретінде танытатын да, дәріптейтін де елшіге лайық қасиет – жауапкершілік. Өйткені елшінің дипломатиялық қызметінің түпкі мақсаты сайып келгенде өз мемлекетінің, елінің мүддесімен, оның бүгіні және ертеңімен байланысты. Сондықтан елші жауапкершілігі оның елжандылық, отансүйгіштік қабілетімен, ұлтына деген азаматтық позициясымен ұштасады. Жауапкершілік – елші патриотизмінің дәлдік өлшем бірлігі. Демек, жауапкершілік – елші тұлғасының елжандылық рухани мазмұнын, патриоттық психологиялық болмысын, саяси-әлеуметтік мәртебесін, ел алдындағы құқықтық қатынасын, моральдық тұғырын белгілейтін ұғым десек қателеспейміз. Дипломат үшін жауапкершілік – оның елші ретіндегі өз ісі нәтижесінің халық үшін маңыздылығын сезіне білу, көре білу қабілеті, оның

мемлекетке пайда, зиянын пайымдап, анықтай білу мүмкіндігі. Сондықтан жауапкершілік елшінің өз әлеуметіне қатыстылығын анықтайды, оның сол өз қоғамы алдындағы парызы мен міндетін, борышын атқару қызметін сипаттайды. Жауапкершілік елшілік қызметтің өнер болуын анықтайтын және ол жеке тұлғаның субментальды тектұғырына тәуелді құбылыс болатындығын дәлелдейтін өлшемдердің бірі. Жауапкершілік дипломатиялық өнер субъектісінің оң моральдық ұстанымдар радиусында айналып, ар мен намыс шеңберінде қозғалудың бақылаушысы, қарақшы қуаты.

Халықаралық келіссөз жүргізу өнерінің көрсеткішінің бірі және дипломатияның өнер екенін дәлелдейтін келесі бір фактор, ол елшінің жеке қасиетіндегі интеллект мәселесі. Бұл қасиет – елшідегі кәсіби шеберлігі, ал оны құраушылар: білімдарлық, жоғары эрудиция, байқампаз ақыл, аналитикалық ойлау қабілет, сергек пайым, ақыл ұшқырлығы, елшінің сараптамалық әдіс-тәсілдерді игеруі. Дипломатиялық кәсіпті таңдаған адам білім мен ғылымның әр саласын игерген, жан-жақты жетілген рухани мәдениетті болуы тиіс. Өртарапты біліммен қаруланған эрудит, ұтқыр ақылды адам ғана дипломатиялық әдіс-тәсілдерді қалай дұрыс қолдануды біледі, мұны Франсуа де Кальер «келіссөз жүргізу ғылымы» деп атаған. Білімдар адам өзінің байқампаздығымен, сараптамалық ақылымен, талдамалы ойлау қабілетімен кез-келген саяси-әлеуметтік жағдайға дұрыс баға бере алады, оның қозғаушы күштерін, әрекет етуші фигуранттарын анықтауға мүмкіндігі болады, олардың шынайы мүмкіндіктерін анықтап, басымдылығы мен әлсіз жақтарын сараптай алады. Сонымен бірге, қарсыластың қолданып отырған құралдары мен әдіс-тәсілдерін, олардың іс-әрекетіне себепші факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Сергек ақыл ойдың шашыраңқылығынан сақтандырады, мәселеге реалды көзқарасты қалыптастырады, көзделген мақсатқа жетудің төте жолын табуға жетелейді. Ақыл – шолғыншы ойдың жедел жәрдемшісі, қайшылықтарды бітістіріп, мүдделерді жақындастырады, келіссөз рухын сақтаушы. Мысалы, әл-Фараби ақылдың практикалық және пайымдаушылық тұстарын көңіл бөлуінің, Абайдың «Ақыл – жүректің суаты» дегенінің, Ж.Баласағұнның «Ақыл берді – талай түйін шешілді» деп айтқанының немесе Бөлтірік шешеннің «Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет» дегенінің мәнісі осында болар. Қайта өрлеу дәуірінің айтулы жазушысы әрі дипломаты Никколо ди Бернардо Макиавелли: [5, 1076.]); «Ақыл үш түрлі болады. Біреуі бәрін өзі игеретін ақыл; екіншісі біріншісінің игергенін түсіне алады; үшіншісі өздігінен ешнәрсені игере алмайды және игерілгенді түсіне де алмайды. Бірінші ақыл – кемеңгер, екіншісі – жақсы, үшіншісі – керексіз» деп көрсетеді. Міне бұл дипломатиялық өнердің іске асырылу технологиясынан хабар берсе керек. Дәл осындай сараптамалық талдаудың негізінде болып отырған үдерістегі өз мемлекетінің орны мен рөлін анықтауға, сол процеске ықпал ету мүмкіндікті айқындауға, ондағы саяси мінез тактикасын анықтауға және оны қалыптастыруға мүмкіндік пайда болады. Әрине мұның тиімділігі мен ұтымды нәтижелілігі талдаудың қаншалықты дәл әрі айқын болуына тәуелді. Ал соңғысы елшінің талдамалық ақылы мен кәсіби шеберлік қарым-қабілетіне байланымты.

Талдамалық ойдың ұшқырлығы елшінің байқампаздық қабілетіне тікелей тәуелді нәрсе. Байқампаз ақыл жағдайды қырағылықпен қабылдауға және істің мәнін тез анықтауға мүмкіндік жасайды. Қандайда бір оқиғаның себептерін ашуға, айтылғанның түпкі ақиқи мәнін түсінуге, ондағы ішкі сарын мен астарлы ойды сезінуге көмектеседі. Байқампаз адамда көргені мен естігенін бағалау өте тездікпен және өте дәлдікпен орындалуы мүмкін. Осыған байланысты орыс дипломаты А.А.Игнатъевтің «өзіңізді қоршағанның бәрін көре білу қажет, ешнәрсені, тіпті ұсақ-түйекті зейіннен таса қалдырмай және оны сол сәтте бағалау керек»[6, 2896.]); деп айтқанын келтіруге болады. Байқампаздық кез-келген жағдайға тез көңіл аударып, дұрыс әрі дәл жауап беруге дағдыландырады. Жылдам реакция әсіресе, қандайда бір сұраққа жауап беруде немесе айтылған сыни ойдың қарымын қайтаруда құзырлы да құрметті ой айтуда пайдалы.

Дипломатиялық істің өнер болуына негіз болатын келесі фактор – ол елшінің барынша ұстамдылық, сабырлылық, эмоцияға беріле бермейтін байыпты мінезі, кез-келген жағдайда өзін-өзі игере алу қабілеті. Бұл іс қиынның қиыны, екіншісі біріншісі қолынан келе бермейді, ол үлкен төзімділік пен шыдамдылықты қажет ететін психологиялық құбылыс, рухани-мәдени константа. Мысалы, Ж.Ж.Камбон өзінің «Дипломат» деген еңбегінде Монтенаның «өзіңді-өзің ұстау – өте пайдалы ғылым» дегенін еске түсіре отырып: «Сыртқы саясат – сезімнің ісі емес... Кейде елші өте қиын жағдайға түсуі мүмкін, міне сол кезде ол өзін-өзі ұстай білу қажет», – деп жазады. Ұстамдылық қасиет дипломатия өнерінде қарсы жақтың пікірі мен көздейтін

мақсатын көбірек білу үшін, оны тереңірек сезіну үшін өте-мөте қажет болып саналады. Осы тұста Франсуа де Кальер келіссөздегі ұстамдылық мінез стиліне баса назар аудара отырып, келіссөзге қатысушы тәкаппарлыққа бармауы қажет, жауласу мінез көрсетпеуі керек, шыдамсыздық танытпауы қажет, керісінше, барынша өзін-өзі игере алу қабілетін, төзімділік танытуы керек деп ескертеді. Тұрақты сабырлылық пен төзімділік, байыптылық пен ұстамдылық, өнегелілік пен кісілік – дипломатиялық келіссөздің нәтижелі болуының көпші болып есептеледі. Мысалы, Франсуа де Кальер дипломат «сағат жөндеушінің» төзімділігін игеру керек деп есептейді. Осы жерде дипломатия өнерінің ұстадылыққа қатысты бір қыры өз сырын ашып тастамауға келіп саяды. Мұндай қасиеттің аудай қажеттігін өз кезегінде Төле би: «...Дұшпанға сырын айтпа – түбіңе жетер», – деген жолдармен көрсетіп кеткен. Сондықтан елдің ішкі сырын жасыра білу елшінің ұстамдылық мінезінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру тәсілін байқауға болады.

Дипломатияның өнер болатынын дәлелдей түсетін фактордың тағы бірі – келіссөз жүргізушінің мәселеге өз қарсыласының көзін жеткізе білуі, оны мойындата білуі. Бұл орайда елшіге көмекке келетін нәрсе – қарсыласын мұқият тыңдай білу қабілет, оның сұрақтарына дәл әрі нақты да дәйекті жауап бере білу шеберлігі, өз позициясының өтімділігін көздей отырып, қарсыласының мақсатына силастықпен қарау, оның мүддесі мен қызығушылығын дөп басып тани білу қабілеті. Мұндағы ең басты мәселе – елші өз мүддесін ұтымды дәлелдермен дәйектей отырып, қарсыласының көтеріліп отырған проблемаға қатысты ойын, көзқарасын күрт өзгертуге қол жеткізу. Бұл тұста ескеретін нәрсе, елші келіссөз барысында тек құрғақ аргументті қолдана бермей, икемділік танытып, оппоненттің мәртебесін көтере отырып, оның «менін» көтермелей отырып, өз мүддесін өткізу тактикасын қолдана білу керек. Мәселені мойындата білу өнерінің бір ұшы халықаралық ізеттілік пен сыпайылық нормасын сақтаумен байланысты. Бұл халықаралық қатынастағы өзара сыйластықты орнықтырады және дәлелдеудегі дәйектеменің қуаттылығын арттырады. Екі ел арасындағы өзара түсіністікке, мүдделердің жақындасуына, келіссөзде компромиске келуге жол ашады, ортақ мәселені бірлесіп шешуге жұмылдырады, сыртқы саясаттағы бір-біріне деген сенімнің орнығуына негіз болады. Екі ел арасындағы қатынас аясында өркениетті келіссөз жүргізу дәстүрін қалыптастырады.

Сонымен түйіндей келгенде дипломатия – әлеуметтік-саяси өзара байланыстың, мәдениетаралық қатынастың көріну формасы, саяси-әлеуметтік мәдениеттің баюына зор ықпал жасайтын, саяси түсіністік мәдениетін қалыптастыратын өнер аясы деуге болады. Дипломатия әлеуметтік-саяси қатынастың өнер ретіндегі көрінісін білдіреді. Сондықтан дипломатияның мәдениет айнасы болып есептелетін өнерге де тікелей қатысты болуы оның дипломатиялық-мәдениеттанулық жүйе ретінде анықталуына негіз бола алады. Демек, дипломатия – өнер тұрғысындағы субъективтік әрі объективтік сипат алатын шығармашылықтық әрекет ретінде де мәдени-саясаттанулық зерттеу объектісі бола алады. Дипломатиялық іс-әрекеттің мәдениет өзегі болып табылатын шешендік тіл, шешендік сөз мәселесімен байланыстылығы да оның саяси-әлеуметтік мәдени ізденіс аясы болатындығын дәйектей түседі. Шешендік – кісінің көркі, ал ділмар болу жүрек пен рухтың қуат-күші. Сөзінің дәлелдігі әділдікпен ұшталған билердің ойы таза, жаны пәк, өздері мүләйім де қарапайым болған. Әлемнің екінші ұстазы атанған отандасымыз Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Риторика» атты трактатында шешендік өнер пікір сайысында, тіршілік таласында, дау-дамай үстінде, адам, жер-су, мемлекет тағдырына қатысты аса маңызды мәселелерді шешуде аса қажеттілігін айта келіп, мәселеге әділ қарау, іс мәніне көз жеткізу, ұғу, тыңдау, дәлелді пікір айту, көз жеткізіп, көкейге құю, терең білімділік, тіпті бет-жүзі, қимыл-әрекеті көрініс табуын талап етеді. Оның үстіне мақал-мәтел, афоризмдік сөз тіркестерді, мысалдарды мүмкіндігінше мол пайдалану керектігін ескертеді. Ол сөзі тапқыр адамда адамгершілік сипаттар мол болады дейді. Мұнда әл-Фараби шешендік өнер мен дипломатиялық өнердің ішкі логикалық байланысын байланыстыратыны анық. Қазақ даласындағы билер қауымының елшілік іске араласқанын ескерсек, оысаған төркіндес ойды Төле би де: «Билер жақсы болса, білім иесі батырдағы...», – деген шешендік тәмсіл арқылы елмен-елді бітістірудегі бітімгерлік істің өнерге теңелуінен хабар береді. Абылай ханның Қазыбек биді елшілікке аттандырар алдында: «Елдесе алмай жауласа кетсек, сендердің шеберсіздіктеріңнен болады. Сөз сөйлегенде ойлап сөйлеу керек», – деп ескерткені де соны меңзейді. Оны Қаба бидің: «Есер би дауды белдестірумен шешер, есті би елді елдестірумен

шешер», [7, 2056.]); – деп айтқаны соның кепілі. Қорыта айтқанда дипломатияның өнерлік болмысы сыртқы саясат аясында келіссөз жүргізудің өзі адамда белгілі бір мінез кодексін қалыптастырумен тікелей байланысты болатындығын дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Вуд. Дж. Серре. *Дипломатический церемониал и протокол. Принципы, процедура и практика.* – М., 1974. – 445 с.
- 2 Селянинов О. П. *Дипломатические отношения государств принципы, формы и методы.* МГИМО, 2004. – 312 с.
- 3 Сатоу Э. *Руководство по дипломатической практике.* – М., 1947 – 516 с.
- 4 Жюль Камбон. *Дипломат* // ГИПЛ, 1946. – 89 с.
- 5 Николо Макиавелли. *Государь.* – М., 2006 – 176 с.
- 6 Игнатъев А.А. *50 лет в строю.* – М., 1989. – 544 с.
- 7 Төреқұл Нысанбек. *Билер сөзі – ақылдың көзі.* – Алматы, 1996. – 239 б.